

Тәуелсіздік жолында

Қылышынан қан тамған,
Комунизм заманда.
Шындық жырын жырлауда-
Арман болған адамға.
Бейбіт күнде жырлайын,
Боздақтардың заманын,
Қайрат, Ләззәт, Ерболдың-
Істеген ісін қадамын.
Қыршын кеткен Қайраттар,
Тәуелсіздік жолында,
Өткен екен мол күні
Қапас түрме торында.
Желтоқсан боздақтары арманы,
Кетті бәрі ішінде.
Болашаққа бағыт-бағдар арнады-
Бұл көрінер Қайрат аға ісінде.
Тәуелсіздік құрбандары тағдыры
Іштегі ыза, көңілдегі бар мұңы,
Шыққан әрбір кіші-үлкен әр шыңы
Кетті бәрі қыстың суық күнінде.
Тәуелсіздік құрбандары тағдыры
Шешілді қыстың қара түнек түнінде.
Жайпап өтті жоғарғы билік бәрін де,
Ерлерін де, елінің ерке гүлінде.
Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ,
Оны бізге ешкім сыйға берген жоқ.
Тәуелсіздік келді бізге боздақтардың жанымен-
Келді бізге боздақтардың қанымен.
Тәуелсізбіз бүгінде -аспаны ашық,
Отыратын қонақжайесік ашып,
«Егеменді елміз»-деп мақтанамыз,
Қуанышқа жүретін шашу шашып.
Бейбіт күнде алшаң басып жүргенің,
Риясыз, ойсыз қамсыз күлгенің,
«Тәуелсіздік құрбандары» арқасы
Маңызды осыны жақсы сенің білгенің.
Боздақтарға бағыштайық құранды,
Бола білген елі үшін шыдамды.
Сол себепті ұмытпайық әр жанды
Қайсар болып қыршын кеткен ұланды.